

**"Республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1210 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 21 шілдедегі № 442 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1210 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 71,643-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 4-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 10-1-жолмен толықтырылсын:

"

10-1	Инженерлік қызмет	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
------	-------------------	--

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*